

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Химия
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізін қалаушы ғалым

- A) А.М. Бутлеров
- B) А. Кекуле
- C) Д.К. Мендалиева
- D) Г.Д. Закумбаева
- E) Ә.Б. Бектұров

2. Органикалық заттардың шығу көздері

- A) мұнай
- B) аппатит
- C) сильвинит
- D) ізбестас
- E) карниолит

3. Нәруыздардың басқа да аталуы

- A) протеиндер
- B) полисахаридтер
- C) карбон қышқылдары
- D) альдегидтер
- E) көмірсутектер

4. Нәруыздар қандай қышқылдардың қалдығынан құралған

- A) α -аминқышқылы
- B) β -аминқышқылы
- C) жоғары май қышқылы
- D) қарбон қышқылы
- E) бейорганикалық қышқыл

5. Минералдық тыңайтқыштарды қолдану барысындағы дұрыс тұжырымдардың бірі

- A) топырақтың құнарлығын арттыру
- B) топырақтағы арам шөптермен күресу
- C) топырақтағы зиянкес жәндіктермен күресу
- D) құрылыс материалы ретінде қолдану
- E) медициналық дәрі-дәрмек ретінде қолдану

6. Метиламинді $[\text{CH}_3\text{NH}_3]\text{Cl}$ қосылысына айналдыратын реагент

- A) Cl_2O_3
- B) HCl
- C) Cl_2
- D) Cl_2O_5
- E) HClO_4

7. Диаминге мысал бола алатын амин

- A) $\text{C}_2\text{H}_5\text{NH}_2$
- B) $\text{H}_2\text{N}-\text{CH}_2-\text{CH}_2-\text{NH}_2$
- C) CH_3NH_2
- D) NH_3
- E) $\text{H}_2\text{N}-\text{CH}_2-\text{CH}_2-\text{COOH}$

8. $\text{C}_4\text{H}_{11}\text{N}$ формуласына сай барлық аминдер изомерлер саны

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 0
- E) 5

9. Аминдер ауада жанғанда түзілетін өнімдер

- A) CO_2 , H_2O , N_2
- B) CO_2 , H_2O , N_2O
- C) CO_2 , H_2O , N_2O_3
- D) CO_2 , H_2 , N_2
- E) C , H_2O , N_2

10. Этилформиат алу үшін қажет реагенттер жұбы

- A) құмырсқа қышқылы, этанол
- B) сірке қышқылы, этанол
- C) сірке қышқылы, метанол
- D) құмырсқа қышқылы, метанол
- E) май қышқылы, метанол

11. Сірке қышқылының 70-80%-дық ерітіндісі

- A) сірке эссенциясы
- B) абсолютті спирт
- C) ректификат
- D) формалин
- E) жеміс қанты

12. Сірке альдегидін тотықтырғанда алынатын қосылыс

- A) этанол
- B) диэтил эфирі
- C) сірке қышқылы
- D) этиленгликоль
- E) этаналь

13. Сірке альдегидін тотықсыздандырғанда алынатын қосылыс

- A) этанол
- B) пропаналь
- C) сірке қышқылы
- D) этиленгликоль
- E) этаналь

14. Сірке альдегидінің басқа да аталуы

- A) этаналь
- B) этанол
- C) сірке қышқылы
- D) ацетон
- E) диэтил эфирі

15. Ацетилен бромның бір молекуласын қосып алғанда түзілетін галоген туынды

- A) 1,2-дибромэтен
- B) 1,1,2,2-тетрбромэтан
- C) 1,2-дибромэтин
- D) 1,2-дибромбутен
- E) 1,1,2,2-тетрабромбутен

16. Алкіндерді сапалық анықтауға мүмкіндік беретін реагенттер жұбы

- A) $\text{KMnO}_4/\text{H}_2\text{O}$ және Br_2 (бром суы)
- B) Cl_2 және Br_2 (бром суы)
- C) $\text{KMnO}_4/\text{H}_2\text{O}$ және Cl_2
- D) $\text{KMnO}_4/\text{H}_2\text{O}$ және H_2
- E) Cl_2 және H_2

17. Ацетиленмен толық әрекеттесуге бромның қандай массасы қажет

- A) 640 г
- B) 630 г
- C) 650 г
- D) 620 г
- E) 530 г

18. Sp^3 -гибридтелген орбитальдардың арасындағы бұрыш

- A) $109^{\circ}28'$
- B) 180°
- C) 120°
- D) $120^{\circ}28'$
- E) $180^{\circ}28'$

19. α -аминқышқылдарын поликонденсациялау арқылы алынған полимер

- A) полипептидтер
- B) полисахаридтер
- C) полиэтилен
- D) фенолформальдегидтік шайыр
- E) эбонит

20. Алмаспайтын аминқышқылы

- A) глицин
- B) сірке қышқылы
- C) триптофан
- D) мүсәтір спирті
- E) аммиак

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Фармакология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Медицинада қолданатын этил спиртінің әсері-
 - A) Наркотикалық
 - B) Ұйықтататын
 - C) Наркозға
 - D) Тырысуға қарсы
 - E) Тітіркендіргіш

2. Ингаляциялық наркозға арналған ұшқыш сұйықтық-
 - A) Циклопропан
 - B) Фторотан
 - C) Азот тотығы
 - D) Кетамин
 - E) Тиопентал натрий

3. Тынысты рефлекторын күшейтеді-
 - A) Этимизол
 - B) Камфора
 - C) Бемегрид
 - D) Цититон
 - E) Кофеин бензоат натрий

4. Эпилепсиалы статус үшін тандаулы препарат-
 - A) Циклодол
 - B) Леводопа
 - C) Диазепам
 - D) Этосуксимид
 - E) Натрий вальпроаты

5. Негізгі шеткері әсері бар анальгетик-антипиретик
 - A) Аспирин
 - B) Морфин
 - C) Парацетамол
 - D) Промедол
 - E) Стрептоцид

6. Нейролептоанальгезияда қолданылады

- A) Фентанил
- B) Баралгин
- C) Кетарол
- D) Парацетамол
- E) Диклофенак

7. Опиоидты рецепторлардың агонис-антогонист тобындағы анальгетик

- A) Морфин
- B) Пентазоцин
- C) Фентанил
- D) Трамадол
- E) Парацетамол

8. Стенокардия кезінде тиімді-

- A) Фентоламин
- B) Лабеталол
- C) Пропраналол
- D) Фуросемид
- E) Метапролол

9. Артериялық қысымды көтеру үшін қабылданады-

- A) Анаприлин
- B) Мезатон
- C) Резерпин
- D) Гепарин
- E) Ферроплекс

10. 500мг парацетамолдың 10 таблеткасын 250мг 4 рет ішке қабылдағанда _____ жетеді

- A) 6 күнге
- B) 4 күнге
- C) 10 күнге
- D) 5 күнге
- E) 8 күнге

11. Халықаралық патенттелмеген атауы

- A) Аспирин
- B) Кардиомагнил
- C) Тромбо АСС
- D) Ацетилсалицил қышқылы
- E) Аспирин кардио

12. Иодтың 5% спиртті ерітіндісін сақтау ережесі-

- A) Альфавит бойынша
- B) Фармакологиялық тобы
- C) Химиялық квалификациясы
- D) Фармакотерапиялық
- E) Физико-химиялық қасиетіне байланысты

13. Тыныс алу жолдары арқылы қолданылады-

- A) Валидол
- B) Оксолин жағылма
- C) Мүсәтір спирті
- D) Белсендірілген көмір
- E) Ашутас (Квасцы жженные)

14. Амитриптилиннің фармакологиялық тобы

- A) Анальгетик
- B) Жүрек гликозиді
- C) Аналептик
- D) Антидепрессант
- E) Психостимулятор

15. Пиноцитоз дегеніміз—

- A) Енгізу жолдары
- B) Әсер ету механизмі
- C) Шығарылу жолдары
- D) Ағзада таралуы
- E) Тасымалдану механизмі

16. Антибиотиктердің микробқа қарсы әсеріне жатпайды:

- A) мембрана цитоплазмасының белоктарын коагуляциясы
- B) микроб клетка қабырғасының синтезін бұзады
- C) нуклеин қышқылының синтезін бұзады
- D) цитоплазма мембрана өткізгіштігін бұзады
- E) белок клетка синтезін бұзады

17. Тез және баяу типті аллергиялық реакцияда қолданылады:

- A) H-гистаминді рецепторлар блокаторы
- B) жасуша мембрана стабилизаторлары
- C) бетта адреноблокаторлар
- D) глюкокортикоидтар
- E) серотонинді рецептор блокаторлары

18. Ағзадағы регенерация процесіне қатыспайды:

- A) фолий қышқылы
- B) рибоксин
- C) хонсурид
- D) актовегин
- E) никотин қышқылы

19. Қаракүйе препараттары қолданылады:

- A) босану процесінің әлсіреуі
- B) жатырдың қансырауы
- C) жүктілікті тоқтату үшін
- D) түсік түсу қаупінде
- E) жүктілікті болдырмау

20. Пеллаграны емдеуде қолданылады-

- A) Эргокальциферол
- B) Фолий қышқылы
- C) Цианокобаламин
- D) Аскорбин қышқылы
- E) Никотин қышқылы

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Сульфаниламидтердің жанама әсерлері:

- A) кристаллурия
- B) аллергиялық реакциялар
- C) анемия
- D) көрудің нашарлауы
- E) естудің бұзылуы
- F) іш қатуы

22. Қатты дәрілік түрге жатады:

- A) сеппе
- B) ембалауыз
- C) паста
- D) эмульсия
- E) драже
- F) гранула

23. Энтеральды енгізу жолына жатады:

- A) трансбуккальды
- B) сублингвальды
- C) күре тамырға
- D) тік ішекке
- E) бұлшықетке
- F) тыныс жолдары арқылы
- G) теріге

24. Ас қорыту жолында улы заттардың сіңірілуін төмендететін іш жүргізетін дәрілер:

- A) майсана майы
- B) магний сульфаты
- C) натрий сульфаты
- D) фенолфталеин
- E) рауғаш таблеткалары
- F) итшомырт сығындысы

25. Фторхинолондарға жатады:

- A) офлоксацин
- B) левофлоксацин
- C) фуразолидон
- D) нитроксолин
- E) ципрофлоксацин
- F) цефтриаксон

26. Тетрациклиннің жанама әсерлері:

- A) жүйке-бұлшық ет өткізгіштігінің бұзылуы
- B) дисбактериоз
- C) бауыр функциясының бұзылуы
- D) ототоксикалық бұзылыстар
- E) қаңқа, тіс дамуының бұзылуы
- F) қаңқа бұлшық еттерінің босаңсуы

27. Антибиотиктер – аминогликозидтер:

- A) гентамицин
- B) оксоциллин
- C) канамицин
- D) стрептомицин
- E) ампициллин
- F) эритромицин

28. Биологиялық тегі табиғи пенициллиндер:

- A) оксациллин
- B) ампициллин
- C) азлоциллин
- D) цефазолин
- E) бициллин-5
- F) бензилпенициллин натрий тұзы
- G) карбенициллин

29. Орталық әсерлі жөтелге қарсы дәрілер:

- A) либексин
- B) эуфиллин
- C) беротек
- D) синекод
- E) этилморфин
- F) тусупрекс
- G) глауцин гидрохлорид
- H) бемеGRID

30. Бензодиазепин тобының ұйықтатын препараты:

- A) нитразепам
- B) фенобарбитал
- C) дифенин
- D) клоназепам
- E) зопиклон
- F) седуксен
- G) натрий вальпроаты

Жазғаяттық тапсырмалар
1-жазғаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Стенокардияда науқасқа препарат берілді. Жүрек ауырсынуы басылды, бірақ, бас айналу, бас ауруы пайда болды.

31. Вазодилататорлардың әсер ету механизмі:

- A) тамыр тарылтқыш
- B) тырысуға қарсы
- C) тамыр кеңейткіш
- D) анальгетикалық
- E) тромб агрегациясын күшейту

32. Антиангинальды препараттар тобына жатпайды:

- A) валидол
- B) глицин
- C) нитроглицерин
- D) изокет
- E) сиднофарм

33. Пролонгирлі антиангинальды препарат:

- A) сустак
- B) нитроглицерин
- C) глицин
- D) валидол
- E) тропацин

34. Ішке тағайындалады:

- A) валидол
- B) нитроглицерин
- C) изокет спрей
- D) вентолин аэрозоль
- E) нитронг

35. Науқасқа қандай дәрі берілген

- A) верапамил
- B) нитроглицерин
- C) глицин
- D) валидол
- E) либексин

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Асқазан ойық жарасы бар науқасқа дәрі берілген. Ауру басылды, бірақ жүрек қағысы жиіледі, ауыз құрғады.

36. Аталған препараттың қарсы көрсетілімі:

- A) асқазан безі сөлінің артықшылығында
- B) холецистите
- C) терлегіштікте
- D) бронх демікпесінде
- E) глаукомада

37. Аталған препарат қай фармакологиялық топқа жатады?

- A) М-холиномиметиктер
- B) Н-холиномиметиктер
- C) М-холиноблокаторлар
- D) Н-холиноблокаторлар
- E) М және Н холинохолиномиметиктер

38. Аталған препараттың әсер ету механизмі:

- A) М-холинорецепторларды тежейді
- B) Н-холинорецепторларды тежейді
- C) Альфа адренорецепторларды тежейді
- D) Бетта адренорецепторларды тежейді
- E) М және Н холинорецепторларды

39. Аталған дәрінің әсері

- A) негізгі әсер
- B) тератогенді әсер
- C) канцерогенді әсер
- D) жанама әсер
- E) потенцірлі әсер

40. Науқасқа тағайындалған препарат

- A) Пилокарпин
- B) атропин
- C) фентоламин
- D) аминазин
- E) дексаметазон

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.